

ISSN (Print) 2616-678X
ISSN (Online) 2663-1288

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

ХАБАРШЫСЫ

BULLETIN

of L.N. Gumilyov
Eurasian National University

ВЕСТНИК

Евразийского национального
университета имени Л.Н. Гумилева

ФИЛОЛОГИЯ сериясы
Серия **ФИЛОЛОГИЯ**
PHILOLOGY Series

№1(126)/2019

1995 жылдан бастап шығады

Издается с 1995 года

Founded in 1995

Жылына 4 рет шығады

Выходит 4 раза в год

Published 4 times a year

Астана, 2019

Astana, 2019

Бас редакторы **Дихан Қамзабекұлы**
филология ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА академигі (Қазақстан)

Бас редактордың орынбасары **Шолпан Жарқынбекова**
филология ғылымдарының докторы, проф. (Қазақстан)

Редакция алқасы

Аскер оғлы Рамиз	Ф.ғ.д., проф. (Әзербайжан)
Ақматалиев Абдылдажан	Ф.ғ.д., проф. (Қырғызстан)
Бахтикиреева Улданай	Ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Беженару Людмила	Ф.ғ.д. проф. (Румыния)
Бейсембаева Жанаргүл	Ф.ғ.к., (Қазақстан)
Біжкенова Айгүл	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жақыпов Жантас	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Журавлева Евгения	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жаң Динжиң	PhD, проф. (Қытай)
Ескеева Мағрипа	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Ержласун Гүлжанат	PhD, ассоц. проф. (Түркия)
Қасқабасов Сейіт	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Негимов Серік	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нұрғали Қадиша	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нуриева Фануза	Ф.ғ.д., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	Ф.ғ.д., проф. (Германия)
Рахманов Носимхан	Ф.ғ.д., проф. (Өзбекстан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (АҚШ)
Сәтенова Серікгүл	Ф.ғ.д. проф. (Қазақстан)
Султанов Казбек	Ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Тәжібаева Сәуле	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Хисамитдинова Фирдаус	Ф.ғ.д., проф. (РФ, Башқұртстан)
Чернявская Валерия	Ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Шәріп Амантай	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Шәріпова Гүлбану	Ф.ғ.к., доцент м.а. (Қазақстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Түркия)
Янковский Генрих	PhD, проф. (Польша)

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Қ.Сәтбаев к-сі, 2, 408 б.

Тел.: +7(7172) 709-500 (ішкі 31-413)

E-mail: vest_phil@enu.kz

Жауапты редактор, компьютерде беттеген: Илияс Құрманғалиев

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. ФИЛОЛОГИЯ сериясы
Меншіктенуші: ҚР БжҒМ «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК
ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 27.03.2018 ж. №16996-Ж тіркеу куәлігімен тіркелген.
Мерзімділігі: жылына 4 рет.
Тиражы: 35 дана
Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Қажымұқан к-сі, 12/1, тел.: +7(7172)709-500 (ішкі 31413)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Editor-in-Chief **Dihan Kamzabekuly**
Doctor of philology, academician of NAS RK (Kazakhstan)

Deputy Editor-in-Chief **Zharkynbekova Sholpan**
Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Editorial board

Asker ogly Ramiz	Doctor of philology, Prof. (Azerbaijan)
Akmataliyev Abdildajan	Doctor of philology, Prof. (Kyrgyzstan)
Bakhtikireeva Uldanai	Doctor of philology, Prof (Russia)
Beisembayeva Zhanargul	Can. of philology, (Kazakhstan)
Bezhenaru Lyudmila	Doctor of philology, Prof (Romania)
Bizhkenova Aigul	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Chernyavskaya Valeriya	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Erzhiasun Güljanat	PhD, assos. Prof (Turkey)
Yeskeyeva Magripa	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Henryk Jankowski	PhD, Prof. (Poland)
Kaskabassov Seit	Doctor of philology, Prof (Kazakhstan)
Khisamitdinova Firdaus	Doctor of philology, Prof. (RF, Bashkortostan)
Metin Ekiji	PhD, Prof. (Turkey)
Negimov Serik	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurgali Kadisha	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurieva Fanuza	Doctor of philology, Prof. (RF, Tatarstan)
Reichl Karl	Doctor of philology, Prof. (Germany)
Rakhmanov Nasimhon	Doctor of philology, Prof. (Uzbekistan)
Rivers William Patrick	PhD, Prof. (USA)
Satenova Serikkul	Doctor of philology, Prof (Kazakhstan)
Sultanov Kazbek	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Sharip Amantay	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Sharipova Gulbanu	Can. of philology, assos. Prof. (Kazakhstan)
Tazhybayeva Saule	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhakypov Zhantas	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhang Dingjing	PhD, Prof. (China)
Zhuravleva Yevgeniya	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Editorial address: 2, Satbayev str., of. 408, Astana, Kazakhstan, 010008
Tel.: +7(7172) 709-500 (ext. 31-413)
E-mail: vest_phil@enu.kz

Executive editor, computer layout: Ilyas Kurmangalyev

Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University PHILOLOGY Series

Owner: Republican State Enterprise in the capacity of economic conduct «L.N.Gumilyov Eurasian National University» Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

Registered by Ministry of Information and Communication of the Republic of Kazakhstan. Registration certificate No 16996-Ж from 27.03.2018

Periodicity: 4 times a year Circulation: 35 copies

Address of printing house: 12/1 Kazhimukan str., Astana, Kazakhstan 010008; tel.: +7(7172) 709-500 (ext.31413)

© **L.N. Gumilyov Eurasian National University**

Главный редактор **Дихан Камзабекулы**
доктор филологических наук, академик НАН РК (Казахстан)

Зам. главного редактора **Шолпан Жаркынбекова**
доктор филологических наук, проф. (Казахстан)

Редакционная коллегия

Аскероглы Рамиз	д.ф.н., проф. (Азербайджан)
Акматалиев Абдылдажан	д.ф.н., проф. (Киргизстан)
Бахтикиреева Улданай	д.ф.н., проф. (Россия)
Беженару Людмила	д.ф.н., проф. (Румыния)
Бейсембаева Жанаргуль	к.ф.н., (Казахстан)
Бижкенова Айгуль	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жакыпов Жантас	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жан Динжин	PhD, проф. (Китай)
Журавлева Евгения	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ескеева Магрипа	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ержласун Гульжанат	PhD, ассоц. проф. (Турция)
Каскабасов Сейит	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Негимов Серик	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нургали Кадиша	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нуриева Фануза	д.ф.н., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	д.ф.н., проф. (Германия)
Рахманов Насимхон	д.ф.н., проф. (Узбекистан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (США)
Сатенова Серикгуль	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Султанов Казбек	д.ф.н., проф. (Россия)
Тажибаева Сауле	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Хисамитдинова Фирдаус	д.ф.н., проф. (РФ, Башкортостан)
Чернявская Валерия	д.ф.н., проф. (Россия)
Шарип Амантай	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Шарипова Гульбану	к.ф.н., и.о. доцент (Казахстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Турция)
Янковский Хенрих	PhD, проф. (Польша)

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. К.Сатбаева, 2, каб. 408

Тел.: +7(7172) 709-500 (вн. 31-413)

E-mail: vest_phil@enu.kz

Ответственный редактор, компьютерная верстка: Ильяс Курмангалиев

Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия ФИЛОЛОГИЯ

Собственник: РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» МОН РК

Зарегистрирован Министерством информации и коммуникаций РК под номером №16996-Ж от 27.03.2018г.

Периодичность: 4 раза в год

Тираж: 35 экземпляров

Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Кажимукана, 12/1, тел.: +7(7172)709-500 (вн.31413)

© Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева

Мазмұны

Фольклор және әдебиеттану

<i>Аймұхамбет Ж.Ә., Қараханқызы Ұ.</i> Мета­мәтін құрылымындағы мифтік символика	8
<i>Айтуғанова С.Ш., Дәулетова А.А.</i> Дала патшайымдары туралы аңыз бен ақиқат ...	16
<i>Аққұлы С.</i> Алаш мемлекеттік армиясының құрылуы хақында	24
<i>Доскеева Ш.А.</i> Ә.Нұршайықовтың эпистолярлық мұрасы	39
<i>Дәуітова Г.Р., Сұлтан Е., Мейрамбекова Л.К.</i> Көне эпостағы мифтік кейіпкерлер	46
<i>Еслям А.Б., Алтысбаев Қ.Қ.</i> З.Ахметов зерттеуіндегі Абайдың шығармашылық мұрасы	54
<i>Жүсіпов Н.Қ., Ибраева А.Т.</i> Бекмұрат Уақатов зерттеулеріндегі халық өлеңдерінің жанрлық жіктелуі	61
<i>Қасқабасов С.А.</i> Томирис – «Мәңгілік ел» идеясының символы	69
<i>Кемеңгер Қ.Р., Діл­дә Ж.Р.</i> М.Мырзахметұлы Бауыржан Момышұлы жайында	77
<i>Өскен Ә.М., Қамзабекұлы Д.</i> Алаштану: текстологиялық жауапкершілік туралы (Ә.Н. Бөкейханның «Жаңа мектеп» журналында жарияланған мақалалары)	84
<i>Садықова Р.Т.</i> Халел Ғаббасов: өмір мен өріс мектептері	94
<i>Химмат Сайед Әли әш-Шазли</i> Орыс әйелдерінің қайғылы тағдыры – орыс адамының дара тұлғасы (Е.Чижованың «Әйелдер уақыты» романы негізінде)	104

Лингвистика

<i>Әбдуәліұлы Б., Көшкінбай Д.</i> Қазақ лексикасындағы құқықтық ақпараттарды зерттеудің жалпы мәселелері	120
<i>Әубәкір С.С., Біжкенова А.Е.</i> Поэтикалық дискурстың ерекшеліктері	127
<i>Досжан Р.А.</i> Тарихи түбірлердің сөзжасамдық қабілеті	135
<i>Ақжигитова А., Елегенова М., Жанзакова А.</i> Қазақстанның лингвистикалық ландшафтындағы көптілділік белгілері (Астана қаласы негізінде)	142
<i>Сарсикеева Г.К., Байоразова Ж.К.</i> Абайдың 38-інші сөзін орыс және ағылшын тілдеріне аудару: салыстырмалы анализ	150
<i>Сейидова С.</i> Әзірбайжан, ағылшын және орыс тілдеріндегі «Жас» концептісі және оның идиоматикалық өкілдігі	157
<i>Сыздықова Г.О., Шолақова А.К.</i> «Ер Төстік» ертегісінің лингвосомиотикалық аспектісі	165

Тіл мен әдебиетті оқыту әдістемесі

<i>Баекеева А.Т., Тәжібаева С.Ж.</i> Тау-кен саласындағы халықаралық терминдерді аудару	173
<i>Ниязова А. Е., Мукатова М.Н.</i> Көптілді ортада шет тілінде сөйлеудің мультилингвалды әрекетін қалыптастыру	183
<i>Смағұлова А., Мұхаметқалиева Г., Балтабаева Г.</i> Сөздерді құрылымдық ұйымдас­тыру (ағылшын және қазақ тілдеріндегі «мұнай газы» термині)	191

Contents

Folklore and Literary Studies

<i>Aimukhambet Zh.A., Karakhankyzy U.</i> Mythical symbolism in the structure of metatext	8
<i>Aituganova S.Sh., Dauletova A.A.</i> The legend and truth about the steppe queens	16
<i>Akkuly S.</i> About the creation of the Alash state army	24
<i>Doskeyeva Sh.A.</i> A.Nurshaikhov's contribution to the epistolary genre	39
<i>Dautova G., Sultan Y., Meirambekova L.K.</i> Mythical characters in the archaic epos	46
<i>Yeslyam A.B., Alpysbayev K.K.</i> Abai's heritage in Z. Akhmetov's research	54
<i>Jysipov N.K., Ibrayeva A.T.</i> Genre classification of folk poems in Bekmurat Uakatov's researches	61
<i>Kaskabasov S.A.</i> Tomiris - Symbol of the Concept of «Мәңгілік ел»	69
<i>Kemenger K.R., Dilda Zh.R.</i> M. Myrzakhmetuly is about Baurzhan Momysuly	77
<i>Osken A.M., Kamzabekuly D.</i> Alash studies: on textual responsibility (Articles by A.N. Bokeykhan, published in «Zhana mektep») journal	84
<i>Sadykova R.T.</i> Khalel Gabbasov: School of life and development	94
<i>Himmat Sayed Ali ash-Shazli</i> The Tragic Fate of the Russian Women and the Symbol of the Russians Identity (According to the Novel by E. Chizhova «Time of Women»)	104

Linguistics

<i>Abdualiuly B., Koshkinbay D.S.</i> General problems of studying legal information in Kazakh lexicon	120
<i>Aubakir S.S., Bizhkenova A.Ye.</i> Features of Poetic Discourse	127
<i>Doszhan R.A.</i> Word-building ability of historical roots	135
<i>Akzhigitova A., Yelegenova M., Zhanzakova A.</i> Multilingual signs in the linguistic landscape of Kazakhstan (the case of Astana)	142
<i>Sarsikeyeva G.K., Baiorazova Zh.K.</i> Translation of Abays 38 th word info Russian and English: comparative analysis	150
<i>Seyidova S.</i> The concept of "Age" and its idiomatic representation in the Azerbaijani, English and Russian languages	157
<i>Syzdykova G.O., Sholakova A.K.</i> Linguosemiotic Aspect of Fairy Tales	165

Methods of teaching language and literature

<i>Bayekeyeva A.T., Tazhibayeva S.Zh.</i> Translating International Terms for Mining Industry	173
<i>Niyazova A. E., Mukatova M.N.</i> Formation of foreign language speech activity in a multilingual environment	183
<i>Smagulova A., Mukhametkaliyeva G., Baltabayeva G.</i> Structural organization of words («Oil gas» term in English and Kazakh)	191

Содержание

Фольклор и литературоведение

<i>Аймухамбет Ж.А., Караханкызы У.</i> Мифическая символика в структуре метатекста	8
<i>Айтуганова С.Ш., Даулетова А.А.</i> Легенда и правда о степных королевах	16
<i>Аккулы С.</i> О создании Алашской государственной армии	24
<i>Доскеева Ш.А.</i> Эпистолярное наследие А. Нуршаихова	39
<i>Даутова Г.Р., Султан Е., Мейрамбекова Л.К.</i> Мифические персонажи в архаическом эпосе	46
<i>Еслям А.Б., Алтысбаев К.К.</i> Творческое наследие Абая в исследованиях З.Ахметова	54
<i>Жусипов Н.К., Ибраева А.Т.</i> Жанровая классификация народных стихов в исследованиях Бекмурата Уакатова	61
<i>Каскабасов С.А.</i> Томирис – символ вечной идеи «Мәңгілік ел»	69
<i>Кеменгер К.Р., Дильда Ж.Р.</i> М. Мырзахметулы о Бауржане Момышулы	77
<i>Оскен А.М., Камзабекулы Д.</i> Алашоведение: о текстологической ответственности (Статьи А.Н.Бокейхана, опубликованные в журнале «Жана мектеп»)	84
<i>Садыкова Р.Т.</i> Халел Габбасов: Школа жизни и развития	94
<i>Химмат Сайед Али аш-Шазли</i> Трагическая судьба русских женщин – символ идентичности русского человека (по роману Е.Чижовой «Время женщин»)	104

Лингвистика

<i>Абдуалиулы Б., Кошкинбай Д.</i> Общие проблемы изучения правовой информации в казахской лексике	120
<i>Аубакир С.С., Бижекенова А.Е.</i> Особенности поэтического дискурса	127
<i>Досжан Р.А.</i> Словообразовательные важности исторических корней	135
<i>Акжигитова А., Елегенова М., Жанзакова А.</i> Многоязычные знаки в языковом ландшафте Казахстана (на примере Астаны)	142
<i>Сарсикеева Г.К., Байоразова Ж.К.</i> Перевод 38-го слова Абая на русский и английский языки: сравнительная анализ	150
<i>Сейидова С.</i> Концепт «Возраст» и его идиоматическое представление на азербайджанском, английском и русских языках	157
<i>Сыздыкова Г.О., Шолакова А.К.</i> Лингвосемиотический аспект волшебных сказок	165

Методика преподавания языка и литературы

<i>Баекеева А.Т., Тажибаева С.Ж.</i> Перевод интернациональных терминов горно-рудной промышленности	173
<i>Ниязова А.Е., Мукатова М.Н.</i> Формирование иноязычной речевой деятельности в мультилингвальной среде	183
<i>Смагулова А., Мухаметкалиева Г., Балтабаева Г.</i> Структурная организация слов (термин «нефтяной газ» в английском и казахском языках)	191



FTAMP 17.01.15

Ж.Ә. Аймұхамбет, Ұ. Қараханқызы

Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(E-mail: 'a_zhanat@mail.ru@mail.ru, 'olikakarakhana@mail.ru)

Метамәтін құрылымындағы мифтік символика

Андатпа. Мақалада мифтің қазіргі зерттеулердегі тұжырымдары қарастырылып, оның символикалық табиғатына назар аударылады. Мифке берілген анықтамаларға талдау жасалады. Символдың миф құрылымындағы ролі туралы пайымдаулар жүйеленіп, оның тұспалды, ақпараттық қызметін метамәтінділік бағытта қарастырудың негіздері ұсынылады. Мифолог ғалымдардың символды таныту, түсіндіру мақсатындағы ой-пікірлері ұсынылған еңбектері назарға алынады. Мифтің ең негізгі атрибуты – символ екендігіне баса мән беріледі. Символиканы түсіндірудегі метамәтіннің маңыздылығы ескеріліп, осы бағытта талдау жасау қажеттігі дәлелденеді. Мәтінаралық байланыстар туралы тұжырымдардан туындаған метамәтіннің өзіндік ерекшелігі, қызметі көрсетіліп, сол негізе мифтерді көне және жаңа мәтін ретінде сабақтастыра қарастыру негіздері анықталады. Талдау нысанына көне мифтерден, фольклорлық туындылардан және көркем әдебиеттен нақты мысалдар алынады. Мифтік түсініктегі екі дүниенің арасын байланыстырушы су әлемі адам жанын тасымалдаушы кейіпкерлер қызметі қарастырылады.

Түйін сөздер: миф, символ, метамәтін, атрибут, бұ дүние, о дүние, Харон, жер асты патшалығы.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2019-126-1-8-15>

Кіріспе. Біз тақырыпқа келу үшін әуелі мифке қатысты ұғымымызды анықтап алайық. Мифтің қарапайым анықтамасы қиял немесе астарлы шындық екендігі жайлы түсініктер жүйесін қайталай берудің қажеті бола қоймас. Сонда да тақырыпқа тікелей қатысты жағынан барлау жасау қажет деп білеміз.

Мифтің бірнеше ғылым салалары тарапынан зерттеу нысанына алынғаны белгілі. Жалпы, гуманитарлық ғылымдар жүйесінде миф туралы пайымдаулар мен тұжырымдар өз алдына үлкен бір жүйені түзсе, филология, оның ішінде фольклортану мен әдебиеттануда түрлі әдіс-тәсілдер арқылы сан салалы зерттеулер жүргізіліп келеді.

Жалпы, миф дегеніміз не деген сұраққа берілер жауапты бірнеше топқа жіктеп көрсетуге болады. Бұл жерде мифтің зерттелуі туралы тұжырымдарды талдаған В.Найдыш жүйесін еске алу артық болмайды. Ол өз еңбегінде антикалық дәуірден романтизм дәуіріне дейінгі миф табиғатының философиялық тұрғыдағы трактовкаларын жүйелеп көрсетеді. Оның ішінде «миф – нағыз шындық», «миф дегеніміз – аллегория», «миф дегеніміз – символ», «миф дегеніміз – ежелгі поэзия», «миф – фольклор жанры», «миф – ежелгі философия», «миф – мәдениеттің қалыптасуындағы поэтикалық «метафизика», т.б. тұжырымдар трактовкасы көрсетілген [1, 10-11 б.].

«Нақтылай айтқанда, миф дегеніміз не?» деп сауал тастай отырып, М.Элиаде: «Он сегізінші ғасыр тілінде «нақты шынайылықтың» шеңберінен шығып кететіндердің барлығы: Адамның жаратылуы немесе көзге көрінбейтін адам, сондай-ақ зұлыстар әңгімелеген әлем тарихы, немесе Гесиодтың Теогониясы – осылардың бәрі «миф» делінді» дей келе: «біз, ақырында, мифтің көне қоғамның «қарадүрсін» сипаты сақталған мағынасын, яғни, мифтің қоғамдық өмір мен мәдениеттің ақиқат негізі болып табылатын адамзаттықтың «қабатын» сезініп, түсіне бастаймыз», - деп қорытады [2, 23 б.] . Дәл осы бағыттағы басты түйсінетініміз – ежелгі қоғамда мифтің киелі тарихты баяндайтын абсолютті ақиқат болып қабылданғандығы, яғни адамзаттан жоғары тұрған, Ұлы Уақыттың құзырынан орын алған ашылуларды танытатындығы. Миф, осылайша шынайы әрі киелі сипатты иелене отырып, типтік қалыпқа ауысады.

Мәселенің зерттелуі. Миф, әу баста дүниені, жаратылысты тану, түсіну және түсіндіру түрінде туындап, адамзат санасында орнықты. Тарихи сананың бір формасы, ежелгі дүниетаным ретінде танылды. Мифті біз адами жосықтың, тәлімнің түрі әрі өркениет элементі ретінде қарастырамыз. Яғни дәстүрлі мәдениетте мифтің орны қандай болса, сол қалпымен «адамзатпен бірге өмір сүруші» құбылыс ретінде танып-түсіну қажет. Жеке, дербес қабылдау деңгейінде миф толығымен жоқ болып кеткен жоқ, ол адамдардың қиялында, түс көруінде, алға ұмтылуында, талпынысында көрініп отырды. Көптеген психологиялық әдебиеттер әрбір жекелеген адамның бейсаналы және жартылай саналы әрекетіндегі мифтік «шөгінділерді» танып, аңғара білуге үйреткені мәлім. Қазір бізді көбірек қызықтыратыны – дәстүрлі мәдениет ойып тұрып орын алатын заманауи әлемдегі мифтің ролі. Басқаша айтар болсақ, миф психиканың тұңғыық тереңінде сақталып келеді. Миф, символ ретінде адам өмірінің маңызды және қарапайым үзіктерінде әрекет етуде, ол психикалық әлемде ешқашан жоғалған емес, бар болғаны өзінің «түрін» өзгертіп, қызметін «бүркемелеп», «перделеп» атқаруда. Мифолог ғалымдар еңбектеріндегі бұл тұжырымды біз, фольклор үлгілері және көркем әдебиет мысалдарында талдап көрсете аламыз.

Миф, энциклопедиялық анықтамаларға сүйенсек, көне грек тілінде «сөз» деген мағынаны береді. Бірақ, бұл бір ғана, тек бастапқы мағынасы, ол кейіннен ақиқатты танудың формуласына, көркем бейнелеулерге айналды. Мифті сөз деп қана түсіну барынша шартты. Бұдан әрі ол өзінің туу, қалыптасу, даму жолында бірнеше мағынаны иеленген бұл сөз ерекше ұғымға, тұтастай ойлау жүйесінің атауына, тарихи сананың анықтамасына айналды.

«Мифті анықтайтынының хабарламасының нысаны емес, айту тәсілі; мифте шартты шекара болғанымен, субстанциялық шекара жоқ. Яғни, біз бәрін миф дей аламыз ба? Иә, мен солай деп есептеймін, немесе біздің ғалам шексіз иланушы», – дейді мифтанушы, постструктуралист ғалым Р. Барт [3, 265 б.]

Миф туралы трактовкалардың ішінде оның символдық мәніне назар аударсақ, Э.Кассиер тұжырымдарына тоқталу керек.

«Тіл, миф, дін, өнер, ғылымның бұл бағыттағы мәнібасқаша. Олар табиғаттағы дайын заттардың ұқсас түрі яки көшірмесі болып табылмайды, бар болғаны біздің ақиқатқа жақындау жолымыздағы түрлі аялдамалар ғана. Біздің адамзат мәдениеті деп атағанымызмүмкін адамзаттық тәжірибенің нақтылануы – біздіңэмоция, сезім, қалауымыздың, әсерленуіміздің, біздіңинтуициямыз бен ойларымыздың және идеяларымыздың айқындалуышығар», -дейді ол [4, Б. 116-117]. Кассиердің пайымдауынша, адам баласы тек физикалық қана емес, символикалық универсумда өмір сүреді. Біз айтып отырған дін, миф, тіл, өнер – осы универсумның бөлшектері болмақ. Миф иллюзия емес, ол бейнелеу тәсілдері жүйесінің басқалармен тығыз байланыстағы толыққанды мүшесі. Рухани мәдениеттегі символикалық пішін ішінде мифке ерекше орын берілген. Мифтің ең қажетті әрі басты атрибуты – символ. Дәл осы миф арқылы символ жарыққа шығып, өзін танытты. Касси-

ер, сондай-ақ мифологиялық символдар адамның өзі туындатқан интеллектуалды, негізгі түсінік екенін ерекше атап көрсетеді. Символ құрылымына тән ерекшелік оның екі жақты сипатында: ол, әуелі сезімдік қабылдаумен тығыз байланысты және бір мезетте одан азат. Мысалы, кез келген мифтік бейнелеуде «сезімдік» пішінді иеленген рухани мазмұн шегіне жеткізіле танылады. Осының нәтижесінде символ шынайылық делдал ретінде пайдаланылатын танылмаған, жұмбақ бағытқа жол ашады.

Символға тән ерекшеліктің бірі – олар ешқашан нақты өз пішініне түспейді, ол арқылы негізгі астарлы, тұспалды нысандар сәулеленіп, интерпретациялау жүзеге асады. Мифологиялық символдар барынша нақты әрі шынайы болумен қатар, олардың мазмұны абстрактілі де болып келеді, ол өз табиғатында адам қиялының ирреальды идеяларының «өнімдерін» туындатады.

Мәселенің өзектілігі. Сонымен, мифтің символикалық табиғатына қайталай назар аударуымыздың себебі не деген сұрақ туындайды. Мифолог ғалымдар тарапынан айтылған тұжырымдар мен қалыптасқан теориялық анықтамаларға айналып соққанда біздің назар аударарымыз – метамәтін мәселесі. Миф пен метамәтін байланысын нысанға алғанда, ең әуелі символға тоқталудың мәні зор. Бұл бағыттағы мәселе осы символға тіреледі. Егер «Метамәтін призмасы арқылы мәтін категорияларының түзілімі, тізбегі анықталса» [5, 251 б.], әу баста тұспалды, астарлы сипатымен ұсынылатын «мифтік мәтіннің» түсініктемесі қажет болуы заңды. Сөйтіп, мифтік мәтіндер арасында «метамәтін» ұғымы туындайды. Метамәтін призмасынан метатіл, метапоэзия, металирика, метафора ұғымдарын бақыласак, бір ұғымды қабылдау яки түсіну-түсіндіру қызметінде ауыстыра, салыстыра, ишаралай ұсыну тәсілдерінің түрлерін байқаймыз. Р.Барт атап көрсеткендей, «Мифтің әрқашан да метатілге тәуелді» [3, 306 б.] екенін ескерсек, миф құрылымындағы «түпкі» және оны түсіндіретін «кейінгі» мәтіндерді метамәтінділік аспектісінде талдаған жөн.

Мифтік символиканы, яғни мифтің символдық мәнін талдап, түсіндіруде метамәтін ұғымы назарға алынады дедік. XX ғасырдың ортасында американдық әдебиеттанушы Фр.Джейм және француз философы Ж.Ф.Лиотар метамәтінге қатысты теориялық мәселелерді анықтауға тырысты. Р.Барт та өзінің «Әдебиет және метатіл» еңбегінде осы мәселені көтерді [6, Б. 131-132].

Метамәтінді «мәтін туралы мәтін» немесе «мәтіндегі мәтін» деген түсініктермен қарасақ, мифтегі символдарды интерпретациялайтын қызметін алдыңғы мәтінге түсініктеме беретін кейінгі мәтін деген тұжырыммен сабақтастырамыз.

Әдебиеттануда, метамәтін қаламгерді қоршаған және оның көркемдік тәсілі мен композициялық түзуі арқылы жүзеге асырылған ақпараттық-мәдени кеңістік ретінде, сондай-ақ бір әдеби бағытқа қатысты бірнеше немесе жекелеген автор тудырған мәтіндердің жиынтығы түрінде және ұғым қалыптастыратын тұтастай мәтін және оның жекелеген бөліктері ретінде де түсіндіріледі.

Метамәтіннің интермәтіннен айырмашылығы – егер интермәтін мәтін ішіндегі өзге мәтінге қатысты болса, яғни ұсынылып отырған мәтіннің өзге мәтіндермен байланысын қарастырса, метамәтінге тән ерекшелік – туындының өз-өзімен «тұйықталуы». Яғни бір яғни мәтіннің өзін түсіндіру үшін жүзеге асатын әрекет қорытындысы.

Мифтік мәтіндерге назар аударар болсақ, оның өзегінде жатқан идеяның жұмбақталып, құпия түрде, символдармен ұсынылғанын аңғарамыз. Грек мифологиясындағы Крон мен Зевс оқиғасы, Зевс пен Прометей шайқасы, Гераклдің ерліктері, «араздық алмасы», Елена сұлудың ұрлануы, Аид пен Персефона оқиғасы, Нарцисс қасіреті; Мысырдың «Пирамида мәтіндері», «Өлілер кітабы», «Саркофаг мәтіндері, үнді «Ригведальары», кельттер мен шумерліктердің танымдары – бұлардың қай-қайсысында да символдық астарлаулар орын алса, осы мотивтерді қамтыған кейінгі әңгімелеулерде тұспалдарды түсіндіруге бағытталған қызмет бар.

«Метамәтін – негізгі мәтіннің өзінің алдыңғы мәтінімен қарым-қатынас үдерісі. «Мета» сөзі «туралы» деген ұғымды білдірсе, сонда метамәтін – «мәтін туралы мәтін» болып шығады» [7, 248 б.], – деген зерттеуші пікіріне сүйене отырып, миф туралы ұғымды, ондағы «жасырын» тұспалды түсіндіретін мифтік баяндарды біз метамәтін ретінде қабылдағанымыз дұрыс болмақ. Сонымен бірге, кейінгі дәуір, қазіргі кезеңдегі көркем мәтіндер құрылымындағы мифтік моивтерді, яғни мәтіннің бір бөлшегін де метамәтін ретінде қарастырып, оларды шартты түрде «жаңа миф» сипатында қабылдаймыз.

Мәселенің талдамасы. Мифтік баянда ең әуелі бейберекет хаос айтылады. Шеті де, түбі де жоқ телегейдің ішінен тіршілік нүктесі пайда болады делінеді. Су стихиясы екі дүние (тірі мен өлі) шекарасы түрінде көрсетіледі. Екі дүниені байланыстырушы қызметі әуелгі баяндарда түрлі мотивтер арқылы тұспалданғаны белгілі. Атап айтар болсақ, адамның о дүниеге сапарында міндетті түрде су арқылы өту мотиві бар.

Ежелгі грек мифтеріндегі Харон қарт Аид патшалығының, яғни өлілер әлемінің қызметшісі. Оның міндеті – қайтыс болған адамдардың жанын Стикс өзені арқылы екінші жағалауға алып өту. Онда да белгілі рәсіммен о дүниеге жөнелтілген, денесі қабірге жерленген адамның жаны ғана арғы жағалауға өтеді. Қайық мінген Харон бұл қызметі үшін бір монета алады. Сондықтан да ежелгі гректіктер қайтыс болған адамның тілінің астына монета салатын болған. Этрустардың мифтік баяндарында екі дүние аралығындағы тасымалдаушы қызметін Турмас (кейіннен гректердегі құдайлар хабаршысы Гермес) атқарса, мысырлық мифтерде бұл міндет Анибусқа жүктелген. Классикалық грек мифі қайықшы-тасымалдаушы Харон бейнесін даралап шығарды. Бұл образ Вергилийдің поэмасынан да орын алған.

«Харон қарт («жарық», «өткір көзді» деген мағына береді) – классикалық мифологиядағы тасымалдаушылық қызметті атқаратын барынша танымал кейіпкер. Харон есімі әуелгіде эпикалық циклдағы «Миниаде» поэмасында айтылады. Харон жер асты өзені арқылы марқұм болғандардың жанын тасымалдайды және бұл қызметіне бір сөлкебай алады. Бұл сөлкебай жерлеу рәсімінде марқұмның тілінің астына салынады. Бұл ғұрып тек эллиндік дәуірде ғана емес, римдік кезеңде, сондай-ақ орта ғасырларда және қазіргі уақытта да сақталып келеді» [8] – міне, Харон туралы айтылған мәліметтер осыған саяды. Мифтік әңгімелеулерге қарасақ, Харонды бір жыл бойы шынжырда ұстап, өзін Ахерон өзені арқылы алып өтуді міндеттеген Геракл болатын. Жер асты патшалығының өкілі ретінде көрінетін Харон кейіннен ажал құбыжығы болып танылды. Гректер Харонды өзінің жемтігіне шйлігіп түсетін кара құс, кейде ауада марқұмдарды қуып жүрген салт атты түрінде бейнелейді. Ежелгі шумерліктерде өлілер дүниесіне апарушы Намтарру деп аталады. Ол өлілер патшалығының патшайымы Эрешкигальдің елшісі ретінде айтылады. Мұсылман, хриситан дүниесінде жан алушы періште Өзірейіл делінеді.

Мифтік баяндарда рухты тасымалдаушы, жан алушы бейнесіндегі кейіпкерлер молынан ұшырасады. Екі дүние, рухтың мәңгіліктігі туралы ежелгі таным мұндай мотивтердің және кейіпкерлердің пайда болуына негіз болды.

О дүние мен бұ дүниенің байланысында су стихиясы маңызды орын алады дедік. Екі дүние арасын жалғап жатқан тылсым сырлы су әлемі жоғарыда аталған кейіпкерлермен тығыз байланысты. Бұл кейіпкерлердің көліктері – қайық. Олар суда өз беттерінше емін-еркін жүзе де алады. Кейде олардың мінген көліктері жерге де, суға да арналған болып келеді.

Бұ дүниеден о дүниеге өту, осы сапарда маңызды қызмет атқаратын кейіпкерлер туралы мотивтер көркемдік танымда жаңғырып, «жаңа» мифтердің, анығырақ айтқанда, метамәтіннің туындауына әкелді. Біз бұл айтқанымызды мысалдар арқылы талдап көрсетейік.

Бір мысалымыз – Ш.Айтматовтың «Ақ кеме» повесіндегі баланың балыққа айналуы [9, Б. 34-36]. Өз қиялындағы ақ кемдегі әкесіне жету – баланың арманы. «Балыққа айналуға ынтызарлығы сонша, денесінің барлығы балықтан айнымаса екен деп арман етті.

Құйрығы, желбезегі, қабыршағы, қанаты – барлығы балықтан айнымай, тек қана қылқан мойны, қалқан құлағы, осы бір қауақ басы сол қалпында қалса екен дейді» [9, 35]. Ақ кемеге емес, о дүниеге бет алған бұл кейіпкердің ақтық сапарын жазушы балыққа айналып, суда жүзіп кетуімен ишаралайды.

О.Бөкейдің «Бәрі де майдан» повесіндегі еңбек армиясында жүрген кейіпкер Ақан түс көреді: «Түсіме алғаш рет Ақтайлық пен Бағдат кірді. Екеуі де атқа мініп, өткел бермей, шаңағынан асып-тасыған Бұқтырмадан өтіп барады. Осы кезде асау толқын айдаһардай ысқырып, екеуін бірдей бүктеп апарып, жалмап жұтып қояды. Жар жағасында қалған мен айғайлап сондарынан жүгіремін, дауыстап шақырамын. Жым-жырт. Екеуінен де мәңгілікке айрылғанымды жүрегім сезіп еді» [10, 85 б.]. Сондай-ақ жазушының «Жетім бота» повесіндегі Ақботаның қайтпас сапарға теңіз бетімен аттануы да мифтік танымның көркем жаңғыруы.

«Жетім бота жетелеген қыз, эне, су бетімен шашбауы сылдырап, үкісі желбіреп кетіп барады. Мәңгілік сапарға жаяу кетіп барады... Телегей теңіз болса өз қызының есен-сау оралғанына қуанған арда анадай шүкіршілік жасап толғана толқиды... жарықтық...» [10, 426 б.].

Су бетімен жаяу жүру мотиві мифтік баяндардан бастау алады. Повестегі өркениет заманымен рухы қабыспаған қыз баланың ықыласы өткен шаққа – бағзы заманға ерекше ауады. Ол үшін тазалық, қасиет, құндылық атаулы сол дәуірде. Өткен шақ – рухтар мекені түрінде бейнеленіп, оған бет алған қыз аралық шекара – теңіз бетімен жаяу сапарға шығады. Қаламгер өз кейіпкерінің тағдырын суреттеуде бағзы мифтік мотивті өз шығармасының құрылымына осылайша енгізген.

Рухтың өлмейтіндігі, қоршаған табиғатты тірі рух деп қабылдау мифологиялық ойлау жемісі болса, жазушы О.Бөкейкейіпкері Ақботаны теңіз бетіменаттандырып,оны ажалға емес, табиғатқа, түп бастауына қайта оралуы деген ойды ұғындырады. Жазушы суреттеуіндетолқып жатқан теңіз анаға ұқсайды. Әлемдік мифологияда, оның ішінде хтоникалық мифтерде *жер-аналық* бастау, яғни әйел түрінде бейнеленеді. Жазушы болса, теңізді де анаға ұқсатады. Өзінің қаламгерлік ұстанымын таныту үшін О.Бөкей Ақботаны «*қайтыс болды*» демейді, «*теңіз бетіндегі алтын жолмен жүріп кетті*» деп бейнелейді.

Ш.Айтматов пен О.Бөкей туындыларындағы мотивтерді метамәтінділік аспектісінде талдағанда, бұл мотивтердің түсіндірмесін көне мифтермен байланыстыра қарастырамыз.

Шейіттер патшалығы немесе сол жаққа апарар жол ретінде ұғынылатын су әлемі тылсым сипатымен, жұмбақ сырымен суреттеу нысанына алынады. Мифтік баяндағы осы таным көркем әдебиетте де жаңғырып, мәтін құрылымындағы «метамәтіндік компонентті» түзуге қызмет еткеніне басқа да мысалдар көп. Мысалға, М.Мақатаевтың мына өлең жолдарына назар аударайық:

Неменеге жетістің бала батыр?
Қариялар азайып бара жатыр.
Бірі мініп келместің кемесіне
Бірі күтіп, әнеки, жағада тұр...

«*Келместің кемесі*» – баяғы гректік Харон қарт мінген қайықтың поэтикалық бейнеленуі. Судың екінші әлеммен байланысы туралы түсініктерді біз «су аяғы құрдым», «суға кеткен тал қармайды» деген нақыл тіркестерден аңғарамыз. Сондай-ақ Қорқыт туралы әпсаналарда да бұл түсінік көрінеді. Ажалдан қашқан Қорқыттың Сырдарияның бетіне кілем жайып, күй тартып отыратындығы, ақырында оны қайрақ жыланның қапысын тауып, шағып алатыны баяндалады. Сөйтіп, Қорқыт ажал құшады. Бұл жерде су әлемі ғана емес, жер асты әлеміндегі тіршілік иесі – жылан да оқиғаға араласады. Екі дүние арасы, шекарасы деген пайымда назарға алынатыны – су, арнасы суға толы өзен, теңіз, мұхит болса, олардың тереңі тылсымға толы мекен ретінде түрлі желілерге әрқилы бейнелеулермен арқау болады. Су арқылы жететін арғы бет, яки арғы жағалау – екінші дүние, мәңгілік тұрақ ретінде пайымдалады. Оған мысал ретінде Е. Раушановтың мына бір өлең жолдарын келтірейік:

Содан бері, әйтеуір, бар бір өкпе,
